

Кредит келісімі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 11 маусым 1993 ж. N 238-ө

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы 1992 жылғы 18 қаңтардағы Кредит келісіміне 1993 жылғы 5 наурызда қабылданған N 2 Түзету, аталған Келісім мен оған N 1 және N 2 Түзетулер белгілеген, Қазақстан Әлем Банкі мен "Қазақстанмұнайгаз" сыртқы сауда фирмасына комиссиялық сыйақы төлеу мен есептеу, сондай-ақ мұнайды тасымалдау, өткеру және жөнелтіп тұру ақысын төлеуге жұмсалатын шығындарды өтеудің оларда көзделген шарттары құпталсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртбайланысмині, Энергомині экспорт лицензиялары берілуін, ал "Қазақстанмұнайгаз" сыртқы сауда фирмасы белгіленген мұнай көлемін жаңғырту ("револьверлік") негізінде ай сайын беріп тұруды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр